

Су қорғау аймақтары мен белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу жөніндегі әкімдіктің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 232 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 3 маусымда № 8496 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 344 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 03.08.2022 № 344 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 39-бабына, "Қостанай облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 5 сәуірдегі № 2 және Қостанай облысы мәслихатының 2013 жылғы 5 сәуірдегі № 135 бірлескен қаулысы мен шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4094 болып тіркелген) сәйкес Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Қостанай облысы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізілсін.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысы әкімдігінің өзгерістер енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі

1. Қостанай облысы әкімдігінің "Объектілердің құрылысына арналған телімдерде Амангелді су бөгенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін және оларды шаруақорлықпен пайдалану тәртібін белгілеу туралы" 2010 жылғы 9 наурыздағы № 83 қаулысының (2010 жылғы 27 сәуірде "Қостанай таңы" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3710 болып тіркелген):

тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Объектілердің құрылысына арналған телімдерде Амангелді су бөгенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін, оларды шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы";

мемлекеттік тілде 2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"2. 2-қосымшаға сәйкес Қостанай қаласы және Қостанай ауданы аумағындағы объектілердің құрылысына арналған телімдерде Амангелді су бөгенінің су қорғау аймағы мен белдеуінің шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары белгіленсін.";

көрсетілген қаулының мемлекеттік тілдегі 1-қосымшасы осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген қаулының мемлекеттік тілдегі 2-қосымшасының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Қостанай қаласы және Қостанай ауданы аумағындағы объектілердің құрылысына арналған телімдерде Амангелді су бөгенінің су қорғау аймағы мен белдеуінің шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары".

2. Қостанай облысы әкімдігінің "Золотая рыба" туристік базасына қызмет көрсету және пайдалануға беруге арналған, Таран ауданында орналасқан телімде Қаратомар су бөгенінің су қорғау аймағы мен белдеуін және оларды шаруақорлықпен пайдалану тәртібін белгілеу туралы" 2010 жылғы 9 наурыздағы № 93 қаулысының (2010 жылғы 28 сәуірде "Қостанай таңы" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3712 болып тіркелген):

тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Золотая рыба" туристік базасына қызмет көрсету және пайдалануға беруге арналған, Таран ауданында орналасқан телімде Қаратомар су бөгенінің су қорғау

аймағы мен белдеуін, оларды шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы";

мемлекеттік тілде 2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"2. 2-қосымшаға сәйкес "Золотая рыба" туристік базасына қызмет көрсету және пайдалануға беруге арналған, Таран ауданында орналасқан телімде Қаратомар су бөгенінің су қорғау аймағы мен белдеуінің шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары белгіленсін.";

көрсетілген қаулының мемлекеттік тілдегі 2-қосымшасының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Золотая рыба" туристік базасына қызмет көрсету және пайдалануға беруге арналған, Таран ауданында орналасқан телімде Қаратомар су бөгенінің су қорғау аймағы мен белдеуінің шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары".

3. Қостанай облысы әкімдігінің "Объектілердің құрылысына арналған телімдерде Тобыл өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін және оларды шаруақорлықпен пайдалану тәртібін белгілеу туралы" 2010 жылғы 9 сәуірдегі № 119 қаулысының (2010 жылғы 19 мамырда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3717 болып тіркелген):

тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Объектілердің құрылысына арналған телімдерде Тобыл өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін, оларды шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы";

мемлекеттік тілде 2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"2. 2-қосымшаға сәйкес Қостанай қаласы аумағындағы объектілердің құрылысына арналған телімдерде Тобыл өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуінің шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары белгіленсін.";

көрсетілген қаулының мемлекеттік тілдегі 2-қосымшасының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Қостанай қаласы аумағындағы объектілердің құрылысына арналған телімдерде Тобыл өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуінің шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары".

4. Қостанай облысы әкімдігінің "Объектілердің құрылысына арналған телімдерде Тобыл өзенінің және Обаған өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін және оларды шаруақорлықпен пайдалану тәртібін белгілеу туралы" 2010 жылғы 20 мамырдағы № 196 қаулысының (2010 жылғы 9 шілдеде "

Қостанай таңы" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3725 болып тіркелген):

тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Объектілердің құрылысына арналған телімдерде Тобыл өзенінің және Обаған өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін, оларды шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы";

мемлекеттік тілде 2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"2. 2-қосымшаға сәйкес Қостанай қаласы, Денисов және Ұзынкөл аудандары аумағындағы объектілердің құрылысына арналған телімдерде Тобыл өзені және Обаған өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуінің шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары белгіленсін.";

көрсетілген қаулының 1-қосымшасы осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулының мемлекеттік тілдегі 2-қосымшасының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Қостанай қаласы, Денисов және Ұзынкөл аудандары аумағындағы объектілердің құрылысына арналған телімдерде Тобыл өзені және Обаған өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуінің шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары".

5. Қостанай облысы әкімдігінің "Объектілердің құрылысына арналған телімдерде Тобыл өзенінің және Қызыл-Жар су қоймасының су қорғау аймақтары мен белдеулерін және оларды шаруақорлықпен пайдалану тәртібін белгілеу туралы" 2010 жылғы 1 маусымдағы № 206 қаулысының (2010 жылғы 9 шілдеде "Қостанай таңы" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3726 болып тіркелген):

тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Объектілердің құрылысына арналған телімдерде Тобыл өзенінің және Қызыл-Жар су қоймасының су қорғау аймақтары мен белдеулерін, оларды шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы";

мемлекеттік тілде 2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"2. 2-қосымшаға сәйкес Рудный және Лисаковск қалалары аумағындағы объектілердің құрылысына арналған телімдерде Тобыл өзенінің және Қызыл-Жар су қоймасының су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары белгіленсін.";

көрсетілген қаулының мемлекеттік тілдегі 2-қосымшасының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Рудный және Лисаковск қалалары аумағындағы объектілердің құрылысына арналған телімдерде Тобыл өзенінің және Қызыл-Жар су қоймасының су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары".

6. Қостанай облысы әкімдігінің "Қостанай ауданы Садчиков ауылында орналасқан "Садчиковское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жер учаскелерінің шегіндегі Тобыл өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуін және оларды шаруақорлықпен пайдалану тәртібін белгілеу туралы" 2010 жылғы 23 маусымдағы № 235 қаулысының (2010 жылғы 30 маусымда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3723 болып тіркелген):

тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Қостанай ауданы Садчиков ауылында орналасқан "Садчиковское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жер учаскелерінің шегіндегі Тобыл өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуін, оларды шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы";

мемлекеттік тілде 2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"2. 2-қосымшаға сәйкес Қостанай ауданы Садчиков ауылында орналасқан "Садчиковское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жер учаскелерінің шегіндегі Тобыл өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуінің шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары белгіленсін.";

көрсетілген қаулының мемлекеттік тілдегі 2-қосымшасының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Қостанай ауданы Садчиков ауылында орналасқан "Садчиковское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жер учаскелерінің шегіндегі Тобыл өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуінің шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары".

7. Қостанай облысы әкімдігінің "Лисаков қаласының өнеркәсіптік аймағы ауданында орналасқан № 1 өнеркәсіптік кешенінің Тобыл өзені су қорғау аймағы мен белдеуін және оларды шаруақорлықпен пайдалану тәртібін белгілеу туралы" 2010 жылғы 27 тамыздағы № 327 қаулысының (2010 жылғы 12 қазанда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3735 болып тіркелген):

тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Лисаков қаласының өнеркәсіптік аймағы ауданында орналасқан № 1 өнеркәсіптік кешенінің Тобыл өзені су қорғау аймағы мен белдеуін, оларды шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы";

мемлекеттік тілде 2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"2. 2-қосымшаға сәйкес Лисаков қаласының өнеркәсіптік аймағы ауданында орналасқан № 1 өнеркәсіптік кешенінің Тобыл өзені су қорғау аймағы мен белдеуінің шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары белгіленсін.";

көрсетілген қаулының мемлекеттік тілдегі 2-қосымшасының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Лисаков қаласының өнеркәсіптік аймағы аумағында орналасқан № 1 өнеркәсіптік кешенінің Тобыл өзені су қорғау аймағы мен белдеуінің шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары".

8. Қостанай облысы әкімдігінің "Денисов ауданы Денисов ауылында орналасқан диірмен кешенінің құрылысына арналған жер учаскесі шегіндегі Тобыл өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуін және оларды шаруақорлықпен пайдалану тәртібін белгілеу туралы" 2010 жылғы 29 қарашадағы № 468 қаулысының (2010 жылғы 15 желтоқсанда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3743 болып тіркелген):

тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Денисов ауданы Денисов ауылында орналасқан диірмен кешенінің құрылысына арналған жер учаскесі шегіндегі Тобыл өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуін, оларды шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы";

мемлекеттік тілде 2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"2. 2-қосымшаға сәйкес Денисов ауданы Денисов ауылында орналасқан диірмен кешенінің құрылысына арналған жер учаскесі шегіндегі Тобыл өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуінің шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары белгіленсін.";

көрсетілген қаулының мемлекеттік тілдегі 2-қосымшасының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Денисов ауданы Денисов ауылында орналасқан диірмен кешенінің құрылысына арналған жер учаскесі шегіндегі Тобыл өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуінің шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары".

9. Қостанай облысы әкімдігінің "Таран ауданының Асенкритов ауылдық округінің төрт жер учаскілерінде орналасқан "Варварин" алтынмыс кен орнын әзірлеу жөніндегі тау жұмыстарын жүргізуге арналған Аят өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуін және оларды шаруақорлықпен пайдалану тәртібін белгілеу туралы" 2011 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысының (2011 жылғы 19 наурызда "

Қостанай таңы" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3754 болып тіркелген):

тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Таран ауданының Асенкритов ауылдық округінің төрт жер учаскілерінде орналасқан "Варварин" алтынмыс кен орнын әзірлеу жөніндегі тау жұмыстарын жүргізуге арналған Аят өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуін, оларды шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы";

мемлекеттік тілде 2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"2. 2-қосымшаға сәйкес Таран ауданының Асенкритов ауылдық округіндегі төрт жер учаскілерінде орналасқан "Варварин" алтынмыс кен орнын әзірлеу жөніндегі тау жұмыстарын жүргізуге арналған Аят өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуінің шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары белгіленсін.";

көрсетілген қаулының мемлекеттік тілдегі 2-қосымшасының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Таран ауданының Асенкритов ауылдық округіндегі төрт жер учаскілерінде орналасқан "Варварин" алтынмыс кен орнын әзірлеу жөніндегі тау жұмыстарын жүргізуге арналған Аят өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуінің шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары".

10. Қостанай облысы әкімдігінің "Қостанай облысы Таран ауданындағы "Дружба" туристік базасының жер телімі шегінде Қаратомар бөгені жағалауының су қорғау аймағы мен белдеуін және оларды шаруақорлықпен пайдалану тәртібін белгілеу туралы" 2011 жылғы 8 шілдедегі № 278 қаулысының (2011 жылғы 28 шілдеде "Қостанай таңы" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3770 болып тіркелген):

тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Қостанай облысы Таран ауданындағы "Дружба" туристік базасының жер телімі шегінде Қаратомар бөгені жағалауының су қорғау аймағы мен белдеуін, оларды шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы";

мемлекеттік тілде 2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"2. Қостанай облысы Таран ауданындағы "Дружба" туристік базасының жер телімі шегінде Қаратомар бөгені жағалауының су қорғау аймағы мен белдеуін шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары 2-қосымшаға сәйкес белгіленсін.";

көрсетілген қаулының мемлекеттік тілдегі 2-қосымшасының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Қостанай облысы Таран ауданындағы "Дружба" туристік базасының жер телімі шегінде су жағасының Қаратомар су бөгені жағалауының су қорғау аймағы мен белдеуін шарттары шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары".

Әкімдіктің
2019 жылғы 31 мамырдағы
№ 232 қаулысына
2-қосымша

Әкімдіктің
2010 жылғы 9 наурыздағы
№ 83 қаулысына
1-қосымша

Қостанай қаласы және Қостанай ауданы аумағындағы объектілердің құрылысына арналған телімдерде Амангелді су бөгенінің су қорғау аймағы мен белдеуі

№ р/с	С у объектісі, оның телімі	Су қорғау аймағы			Су қорғау белдеуі			Орташа к ө п жылдық судың сабалық кемері (метр)
		шекараны ң ұзақтығы, ұзындығы (метр)	шекараны ң ұзақтығы, ауданы (гектар)	шекараны ң ұзақтығы, ені (метр)	шекараны ң ұзақтығы, ұзындығы (метр)	ауданы (гектар)	ені (метр)	
1.	Амангелді су бөгені Қостанай қаласы Амангелді кенті аумағында орналасқан негізгі гараж ғимаратына қосымша құрылысқа , автобустардың тұруына арналған бокстарға, шанақ цехына, өтуге, бақылау-өткізу пункті ғимаратына ,	233	5,24	225	233	2,33	131,5	

3.	Амангелді су бөгені Қостанай ауданы Мичурин ауылдық округі аумағында орналасқан туристік-сауықтыру кешенінің құрылысына арналған телім (Су қорғау аймағы мен белдеуін белгілеу жобасына тапсырыс беруші – В. М. Курышов)	57	2,96	520	57	0,114	20	131,5
4.	Амангелді су бөгені Қостанай ауданы Мичурин ауылдық округі аумағында орналасқан туристік-сауықтыру кешенінің құрылысына арналған телім (Су қорғау аймағы мен белдеуін белгілеу жобасына тапсырыс беруші – Р. Н. Файзулин)	57	2,96	520-580	57	0,114	20	131,5

Әкімдіктің
2019 жылғы 31 мамырдағы
№ 232 қаулысына
3-қосымша

Әкімдіктің
2010 жылғы 20 мамырдағы
№ 196 қаулысына
1-қосымша

Қостанай қаласы, Денисов және Ұзынкөл аудандары аумағындағы объектілердің құрылысына арналған телімдерде Тобыл өзені және Обаған өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуі

№ р/с	С у объектісі, оның телімі	Су қорғау аймағы			Су қорғау белдеуі			Орташа к ө п жылдық судың сабалық кемері (метр)
		шекараны ң ұзақтығы, ұзындығы (метр)	шекараны ң ұзақтығы, ауданы (гектар)	шекараны ң ұзақтығы, ені (метр)	шекараны ң ұзақтығы, ұзындығы (метр)	ауданы (гектар)	ені (метр)	
1.	Тобыл өзені Денисов ауданының Денисов ауылдық округі аумағында орналасқан ашық кеніштің, өнеркәсіптік алаңның , цемент зауытының және топырақтың топырақ-өсімдікті қабатын қоймалауға арналған алаңның құрылысы (Су қорғау аймағы мен белдеуін белгілеу жобасына тапсырыс	6000	600,0	1000	6000	60,0		210,37

	беруші – "Шекубай" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі)						100	
2.	Тобыл өзені Қостанай қаласы 4-шағын аудан мекенжайындағы № 49 және № 5 0 телімдерде орналасқан жеке тұрғын үй құрылысына арналған телім (Су қорғау аймағы мен белдеуін белгілеу жобасына тапсырыс беруші – Леонид Васильевич Стороженко)	60	3,63	590-620	60	0,6	100	122,49
3.	Обаған өзені Ұзынкөл ауданы Киев ауылдық округі аумағында орналасқан туристік демалу кешені құрылысының телімі (Су қорғау аймағы	100	5,0	500	100	1,0		93,21

мен белдеуін белгілеу жобасына тапсырыс беруші – " Vorwerk" жауапкер шілігі шектеулі серіктестігі						100	
---	--	--	--	--	--	-----	--